



«АККРЕДИТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

Аккредитация және рейтинг бойынша тәуелсіз ұйым
Сыртқы экспертті комиссия

Оққ бағдарламаларының арнайы аккредитация стандартқа негізделген талаптарға
сәйкестігін бағалауға арналған сыртқы экспертті комиссиясының жұмыс нәтижесінің
Кластер 2

0819000-«Мұнай және газды өңдеу технологиясы»
1302000-«Автоматтандыру және басқару»

«Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі» МҚКК
Оңтүстік Қазақстан облысының Білім Басқармасы
«14» және «16» мамыр 2018ж.

Шымкент 2018

Аккредитация және рейтинг бойынша тәуелсіз ұйым

Сыртқы экспертті комиссия

АРТУ-ның

Аккредитация кеңесіне

бағытталады



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

Аккредитация және рейтинг бойынша тәуелсіз ұйым

Сыртқы экспертті комиссия

Оққ бағдарламаларының арнайы аккредитация стандартқа негізделген талаптарға сәйкестігін бағалауға арналған сыртқы экспертті комиссиясының жұмыс нәтижесінің есебі

Кластер 2

0819000-«Мұнай және газды өңдеу технологиясы»

1302000-«Автоматтандыру және басқару»

«Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі» МҚКК

Оңтүстік Қазақстан облысының Білім Басқармасы

«14» және «16» мамыр 2018ж.

Шымкент қ. «16» мамыр 2018 жыл

Мазмұны

(I) Қысқартулар мен белгіленулердің тізімі.....	3
(II) Кіріспе	5
(III) Білім беру ұйымы туралы мәлімет.....	7
(IV) Аккредитацияның алдыңғы процедураларының сипаттамасы	11
(V) Сыртқы экспертті комиссиясының келу сипаты.....	11
(VI) Аккредитация бойынша арнайы стандартқа сәйкестігі.....	16
6.1. « Оқу бағдарламасын басқару » жөніндегі стандарты	16
6.2.«Оқу бағдарламасының спецификасы» жөніндегі стандарт.....	24
6.3.« Педагогикалық ұжым және сабақ берудің тиімділігі»	29
6.4.«Оқушылар»	36
6.5.«Оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы қолданылатын ресурстар» стандарты.....	40
6.6.«Жеке мамандықтардың кескіндемесі көрсетілген» стандарт	45
(VII) Басым жақтың шолуы/Әр стандартқа сәйкес сапалы тәжірибелер	49
(VIII) Сапасын жақсартуға арналған ұсыныстар сипаттамасы	51
«Оқу бағдарламасын басқару » жөніндегі стандарты	51
«Оқу бағдарламасының спецификасы» жөніндегі стандарт	51
«Педагогикалық ұжым және сабақ берудің тиімділігі »	51
«Оқушылар»	51
«Оқу бағдарламасын жүзеге асыру барысындағы қолданылатын ресурстар» стандарты	51
(IX) Білім беру ұйымын дамытуға арналған пікірлер сипаттамасы	51
Қосымша 1	52
Арнайы бенейін параметрлерін бағалау кестесі.....	52

(I) Белгіленулер мен қысқартулардың тізімі

СЭК- сыртқы экспертті комиссия;
МЖМБС-мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты;
МКЖК-мемлекеттік коммуналдық жекешеленген кәсіпорын;
АКТ-ақпаратты коммуникациондық технологиялар;
БжҒМ-Білім және Ғылым Министрлігі;
АРТҰ-аккредитация және рейтинг бойынша тәуелсіз ұйым
ББ-білім беру бағдарламасы
ОҚ-оқытушылар құрамы
ҚР-Қазақстан Республикасы
ЖОБ-жұмыс оқу бағдарламасы
БАҚ-бұқаралық ақпарат құралдары
ЖШС-жабық шектеулі серіктестік
ТжКБ-техникалық және кәсіптік білім
ТОБ-типтік оқу бағдарламасы
ОҚПК-Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі
ҚДБДжББ-Кәсіптік дайындықты бағалау деңгейі және біліктілікті беру
АБЖ-автоматтандырудың басқару жүйесі
КБК-кітапханалық-библиографикалық классификатор
ЖОО-жоғары оқу орны
БЖИЖКДБЖ-біліктілікті жоғарылату институты және білім жүйесіндегі
кадрларды қайта даярлау
ЖІЖК-жастар ісі жөніндегі комитеті
ПКК-пәндік-циклдық комиссия
РМК-Республикалық мемлекеттік кәсіпорын
ОӘЖ-оқу-әдістемелік жиынтық
ҚИ-қызметтік инструкциялар
БҚ-бөлімшелер құжаттамасы
ПК-педагогикалық кеңес
ӘБА-әкімшілік-басқару аппараты
ОІжТЖ-оқу ісі және тәрбие жұмыс
ОӨЖ-оқу-өндірістік жұмыс
СМЖ-сапа менеджмент жүйесі

(II) Кіріспе

Аккредитация және рейтинг бойынша тәуелсіз ұйымның 28.04.2018 жылдың №44-18-ОД бұйрығына сәйкес 2018 жылдың 14-ші және 16 мамыр аралығында Оңтүстік Қазақстан облысының Білім Басқармасы МКЖК « Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжіне » АРБТУ институционалды және арнайы аккредитация стандарттарына сәйкестігін бағалау әдістерін жүргізу мақсатында сыртқы эксперттік комиссия құрамы келді.

Сыртқы эксперттік комиссиясының есебі (СЭК) Оңтүстік Қазақстан облысының Білім Басқармасы МКЖК « Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжінің» АРБТУ институционалды және арнайы аккредитация стандарттарына сәйкестігін бағалауды қамтиды.

СЭК құрамы:

1. Комиссия төрағасы – Татибеков Санжар Меирханович, «Кәсіпқор Холдинг» (Астана қ.) Стратегиялық даму және талдау басқармасының бастығы;
2. Шетелдік эксперт- Тайиров Миталип Муратович, (Қырғыз Республикасы, Кызыл –Кыя қ.,) Баткенттік мемлекеттік университетінің д.ф.-м.н., профессоры;
3. Сарапшы- Бейсетбаев Асылхан Қосылханович, (Алматы қ.,) «Алматы мемлекеттік политехникалық колледжі» МҚКК Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары;
4. Сарапшы-Енкенов Бауыржан Болатханович, (Талдықорған қ.,) «Талдықорған қаласының өнеркәсіптік индустрия және жаңа технологиялар колледжі» МҚКК инновациялық технологиялар жөніндегі директордың орынбасары;
5. Сарапшы –Нуржан Нурлы Нуржановна, (Атырау қ.) «С.Мукашев атындағы Атырау Политехникалық колледжі» КГКП Оқу ісі жөніндегі директордың орынбасары;
6. Сарапшы-Тугерова Галия Бердибаевна, (Ақтау қ.) «Маңғыстау энергетикалық колледж» МҚКК ғылыми-әдістемелік жұмысы жөніндегі директордың орынбасары;
7. Сарапшы-Жубандыкова Женискуль Умиртаевна, (Ақтөбе қ.) «Ақтөбе политехникалық колледжі» т.ғ.к., арнайы пән оқытушысы;
8. Ұйымның бақылаушысы- Бекенова Динара Каирбековна; (Астана қ.) АРТҰ-ның ТжКБ аккредитация ұйымының жоба жетекшісі;
9. Жұмыс беруші- Турсынбекова Мадина Таусултановна, (Шымкент қ.) Аймақтық кәсіпкерлер Палатасының адами капитал бөлімінің бастығы;
10. Оқушы-Рахымбай Айкен Сәкенқызы, 1202000 «Жол көлік қатынасты басқару және тасымалдауды ұйымдастыру» 2 курс оқушысы, (Шымкент қ.) «Шымкент жаңа технологиялар, коммуникациялар және жол көлік қатынас колледжі» МҚКК

(III) Білім беру ұйымы туралы мәлімет

Оңтүстік Қазақстан облысының Білім басқармасы мемлекеттік коммуналды жекеленген кәсіпорын «Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледж» 1934 жылы тарихи негізде енгізілді. Сонымен қатар 1934 жылы Совет үкіметінің индустриалдандыру бағыты бойынша Шымкент Таукен – металлургиялық техникум пайда болды. Әр жылы Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжінің атауы өзгеріп отырды. Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі Оңтүстік Қазақстан Энергетика және Бизнес колледжі, Шымкент Политехникалық колледжінің қосылуымен Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілігінің 1997 жылғы 18 шілдедегі қаулысына сәйкес атауы өзгертілді. Өз жұмысында «Химия-технологиялық бөлім» келесі нормативті құжаттармен регламенттенеді:

-Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319- III «Білім туралы» Заңы

-ҚР «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы

-«Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдардағы білімді дамытуының мемлекеттік бағдарламасы»

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 «Білім берудің сәйкес деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарының бекітілуі туралы» қаулысы

-ҚР БҒМ 15.06.2015 жылғы №384 «Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша типтік оқу жоспарлары мен типтік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығы

-Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 «Білім берудің сәйкес деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға бірдей білім беру стандарттарының бекітілуі туралы» қаулысы.

Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі аймақтық ББ-ның Оңтүстік Қазақстан облысының әкімшілігінің негізгі жеке меншігі болып табылады. Жеке меншіктің үлгісі мемлекеттік. Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі Оңтүстік Қазақстан облысының Білім бағдарламасын бақылау Департаментті 2016 жылдың 25 мамырында шектеусіз мерзімде берген №KZ16LAA00006897 лицензиясымен жұмыс жасайды. Негізгі материалды техникалық базасын растайтын құжаттамаға жерді тұрақты пайдалануға арналған мемлекеттік Акт жатады. 2013 жылы Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі мемлекеттік аттестациядан сәтті өтті және мамандықтарға арналған мемлекеттік лицензияны алды. (2013 жылдың 18 қарашасы ОҚО-ның Білім сапасын бақылау Департаментінің №751/18 бұйрығы).

Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі «Сапа менеджмент жүйесінің» ҚР СТ ISO 9001-2016 сәйкестік сертификатына ие.

Колледж ТЖКБ 7 мамандық бойынша мамандар даярлауды жүргізеді:

Мамандықтың атауы және шифры	Біліктіліктің атауы және шифры	9 сыныптан кейін оқу мерзімі	11 сыныптан кейін оқу мерзімі
0819000 – «Мұнай мен газды өңдеу технологиясы»	081907 3 техник-технолог	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
0902000 – «Электрмен жабдықтау»	090203 3 –техник-электрик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
0906000 – «Жылу электр станцияларының жылуэнергетикалық қондырғылары»	090603 3 – техник-энергетик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
0911000 – «Электрлік және электромеханикалық жабдықтарды техникалық қолдану, қызмет көрсету және жөндеу»	091101 3 - электромеханик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
1302000 – «Автоматтандыру және басқару»	130202 3- электромеханик	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
1304000 – «Есептеуіш техника және бағдарламалық қамтамасыз ету»	130403 3 техник	3 жыл 6 ай	2 жыл 6 ай
	130404 3 техник-бағдарламашы	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
	1304053 3-ақпаратты қорғау технигі	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
	130406 3 компьютерлік құрылғыларға қызмет көрсету технигі	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай
1306000 – «Радиоэлектроника және байланыс»	130609 3 байланыс технигі	3 жыл 10 ай	2 жыл 10 ай

Сонымен қатар колледж келесідей мамандықтар бойынша лицензияға ие: 0813000 «Шина өндірісі және вулканизация процесі», 0812000 «Техникалық-резина өндірісі», 0802000 «Газ-мұнай қоймасы және газ-мұнай құбырларын пайдалану және орнату», 0907000 «Жылумен қамтамасыз ету жүйесі және жылу техникалық қондырғылар», бірақ осы көрсетілген мамандарды дайындау бағыты, жұмыс берушілер тарапынан сұраныс болмағасын тоқтатылып тұр және қазіргі таңда ОҚПК жоғарыда көрсетілген мамандықтардың лицензиясынан бас тартуды жоспарлап отыр.

2017 жылдың соңында колледж келесідей біліктіліктер бойынша лицензия алды: 1302000- «Автоматтандыру және басқару», 1302012 «Слесарь КИП және автоматика», 0819000-«Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы», 0819012 «Технологиялық қондырғылардың операторы», 1304000- «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету», 1304012 «ЭЕМ операторы», 1306000- «Радиоэлектроника және байланыс» (түрі бойынша), 1306052 «Байланыс монтажи және кабельщик». Алдағы уақытта екі деңгейлі үлгіде мамандар даярлауды жоспарлап отыр, яғни орта білім маманы және жұмысшы біліктілігі.

Дайындық жұмысы күндізгі және сырттай оқу түрінде жүргізіледі, оқыту тілі- қазақ және орыс. 2017-2018 оқу жылының 1 қыркүйектегі колледж бойынша жалпы контингент 2512 адамды құрайды. Білім беру гранты негізінде 1780, ақылы негізде 732.

Колледждің миссиясы- елдің ақпараттық технология, байланыс, энергетика, мұнай газ өнеркәсібін автоматтандыру салаларында индустриалдық-инновациялық дамуы үшін қажет бәсекеге қабілетті кәсіби мамандарды дайындау.

Тексеру барысында ИПР көрсеткіші колледж бойынша 205 қызметкерді құрайды, штаттық оқытушылар көрсеткіші-100 % . ИПР сапалық көрсеткіші- 48,2 %. (жоғары санатты біліктілікті алған оқытушылар- 54, I- ші санатты -45).

Колледж кең ауқымда материалды- техникалық базамен жабдықталған:3 қабатты оқу корпусында 66 кабинет және лабораториялар, 15 компьютерлік класс, әдістемелік кабинет, 336 орынға арналған акт залы, оқу залы бар кітапхана 80 орын, спорт зал, асхана 150 адамға арналған, медпункт, лабораториялық және өндірістік корпус 4 шеберханамен: слесарлы-механикалық, электромонтажды және электрөлшеуішті.

Колледжде 6 лингафонды кабинет, 30 мультимедиялық кабинет, 25 сыныпқа арналған интерактивті тақта, 8 жиынтығы бар робототехника кабинеті бар. Компьютерлік кластар соңғы үлгідегі 430 компьютермен жабдықталған. Колледж интернет желісіне қосылған, электронды оргтехника бойынша базасы бар, бүкіләлемдік желі жұмыс жасайды.

Сапа менеджменті жүйесі бойынша колледж құрылымына жатады: күндізгі және сыртқы оқу түрінде 7 бөлім, 13 кафедра (циклдық комиссия), оқу, өндірістік, тәрбие, әдістемелік, ақпараттық технологиялар қызметі, шаруашылық жұмыстар және материалды-техникалық қызметтер.

Колледждің осы уақытқа дейінгі жұмыс барысында мындаған мамандар оқу бітіріп, әртүрлі өнеркәсіптерде алған білімдерін шындап жұмыс жасауда.

Колледж мамандығының түлектерінің кәсіби қызметінің объектілері мұнай өңдеуші зауыттар, химиялық, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары, құрылыс материалдарын өндіру, монтаждық-баптау басқармалары болып табылады. Біздің түлектер қаланың, облыстың және Қазақстан Республикасының басқа аймақтарының кәсіпорындарында жұмыс жасайды: «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС, «Автоматика Прибор Ремсервис» ЖШС, «ШСП «Автоматпром» ЖШС, «Шымкентцемент» АҚ, «Tectum Engineering» ЖШС, «3-Энергоорталық» АҚ, «Azala Textile» ЖШС, «Shirit Казахстан» ЖШС, «Зерде Керамика» ЖШС, «СП «КАТКО» ЖШС, ТОО «ЛКС Сервис», АО «Транстелеком», АО «НСК», «Оңтүстік Жарық Транзит», ТОО «Электроаппарат», АО «Аэропорт Шымкент», «Қуатжылуорталық» ГКП, Национальная компания «Қазақстан Темір Жолы», АО «ЭЛМО», Шымкент қаласы Ішкі саясат бөлімінің «Жастар ресурстық орталығы» КММ, АО «Шымкент сигнал және байланыс дистанциясы». Күндізгі бөлімнің бітірушілері 85% жұмыспен қамтылған (553 бітірушіден, 455 адам жұмыспен қамтылған).

Негізгі ақпарат көзіне арнайы колледждің веб-сайт жатады: www.ukpk.kz

(IV) Аккредитацияның алдыңғы процедураларының сипаттамасы

Оңтүстік Қазақстан облысының Білім Басқармасының «Оңтүстік Қазақстан политехникалық колледжі» Мемлекеттік жекеменшік коммуналды кәсіпорны ТЖКБ аккредиттеу ұйымының арнайы тексеру әдісінен алғаш өтіп жатыр.

(V) Сыртқы экспертті комиссиясының келу сипаты

СЭК-тің «Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжіне» келуі бағдарлама негізінде ұйымдастырылды, СЭК төрағасымен келісіліп, колледж директорымен 2018 жылдың 14 және 16 мамыр аралығында бекітілді.

СЭК жұмысын ұйымдастыру мақсатында колледжімізде арнайы жиналыс өткізілді, комиссия мүшелерінің өкілеттілігі тағайындалып келу, графигі бекітіліп, тексеру әдістерінің сұрақтарына бірқатар жауап алынды.

Колледж тарапынан келу бағдарламасына барлық қызметкерлер жұмылдырылды, бірлесе жұмыс атқарылды. Келу барысында арнайы топпен жұмыс жасаумен қатар оқушылар және оқытушылармен, ата-аналармен, бітірушілермен, жұмыс берушілермен оқу аудиторияларында кездесу жүргізілді.

Кездесуге жалпы 348 адам қатысты.

1-кесте. СЭК АРТҰ-ның кездесуге қатысқан барлық қызметкерлермен оқушылар туралы мәлімет.

Қатысушылардың категориясы	Саны
Директор	1
Директор орынбасары	5
Бөлім меңгерушісі/оқу бөлімі	8
Кафедра меңгерушісі/ әдістемелік бірлестіктермен	13
Әдіскер	1
Бас есепші/экономист	2
Кадр бөлімі меңгерушісі	1
Оқытушылар және өндірістік оқыту мастерлері	75
Басқада жұмысшылар(юрист, әлеуметтік-психолог, психолог, қабылдау комиссиясының хатшысы, медпункт меңгерушісі, кітапханашы)	6
Студент	108
Бітіруші	65
Әлеуметтік әріптес	21
Студенттердің ата-аналары	42
Барлығы:	348

СЭК тексеру жұмысында колледждің мынадай инфрақұрылымдарына шолу жүргізілді: оқу аудиториялар, лабораториялар, шеберханалар, компьютерлік кластар, кітапхана, оқу залы, спорт зал , асхана, жатақхана және т.б.

СЭК-тің мүшелері ЖШС «Автоматика Прибор Ремсервис» барып, танысып қайтты. Бұл кәсіпорында тексеріс барысында 6 студент өндірістік тәжірибеден өтіп жатты, 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)», мамандандырылған 1302023- «Мұнай өңдеудің және химия өндірісінің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару» мамандығының 254 топ студенттері: Бушков Игорь, Тарабуркин Даниил, Развозжаев Игорь, Попов Илья, Турлыбаева Улболсын және Байболат Арман. Кәсіпорын директоры Кусебаев А.К. СЭК мүшелерімен кездесіп, ремонт өлшеу құрылғыларына, индикаторларға, микрометрлерге, тереңдеткіштерге жүргізіліп жатқан лабораториялармен танысты. Колледждің өндіріс орнымен келісімі туралы, оқу жұмыс жоспарының өңделуі, тәжірибеге қатысты жұмыс бағдарламасының келісілуі, дипломдық тақырыптар, дипломдық жобаны қорғау туралы әңгімелесу жұмыстары жүргізілді.

Пирометрия лабораториясында шебер Попов А.И. СЭК мүшелеріне колледжбен бірлесе орындалған дайын жобаны ұсынды. ЖШС «Автоматика Прибор Ремсервис» өндіріс орны мына тақырыпта колледжге ұсыныс тастағанын мәлімдеді: «Бірнеше термопараларды біруақытта тексеруге арналған құрылғысы». Колледж тарапынан жоба бекітіліп жетекшісі ретінде Т.Н.Ткачева тағайындалып жобаны А.Лапин студенті қорғап орындады.

0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» біліктілігі 081907 3 – «техник-технолог» мамандығының әлеуметтік серіктестігі ретінде «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС өндіріс орнына СЭК мүшелері барып қайтты. «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС ОҚО-да орналасқан мұнай өңдеу зауыты өндіріс орны жоғары сапалы бензин, жанар жағармай, вакуумды газойл, мазут, реактивті отын, газ, техникалық газдық күкірт өндіріп шығарады.

Өндіріс орнында 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» біліктілігі 081907 3 – «техник-технолог» және 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)», мамандандырылған 1302023- «Мұнай өңдеудің және химия өндірісінің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару», біліктілігі 130202 3- «электрмеханик» студенттері тәжірибен өтеді. Тексеру барысында жұмыс мамандығы бойынша тәжірибеден 3-курс студенттері өтіп жатты. 851к, 254-2студент, 253-2студент, 251-5 студент. Студенттердің тәжірибе барысында қабылданған бұйрықтармен таныстыру жұмыстары, тәжірибенің өту графигі, техника қауіпсіздігі назарға ұсынылды.

Кадр бөлімінің бастығы Тасанбаева А.Қ., цех бастығы Сыдыков Умирбай, техникалық бөлім бастығы Нурманов Ербол және студенттермен бірлесе отырып, тәжірибеге қатысты әңгімелесу жұмыстары жүргізілді. Әңгімелесу барысында өндіріс орнының өкілдері 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығы бойынша берілетін қолоданбалы бакалавр біліктілігі жайлы аса назар аударды. СЭК-тің мүшелері ЖШС «Hill Corporation» барып, танысып қайтты. 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» біліктілігі 081907 3 – «техник-технолог» және 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)», мамандандырылған 1302023- «Мұнай өңдеудің және химия өндірісінің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару», біліктілігі 130202 3- «электрмеханик» студенттері осы кәсіпорында тәжірибеден өтті. СЭК мүшелері сапа жөніндегі директордың орынбасарымен Көбелекова Ұ.Ж., жоғары технологымен Қабылбеков А.А. кездесу өткізілді. 252 тобының студенттері – Еркинов А, Дауыт А – мен тәжірибе барысында әңгімелесу жүргізілді. Өндіріс орнының тарапынан өте жоғары деңгейде білімін көрсете алған студенттерді жұмысқа қабылдайтындығын мәлімдеді.

СЭК мүшелері 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығының 1-курс 871- тобының «Мұхтар Шаханов» «Танакөз» поэмасы «Ғашықтық ғаламаты» өлені тақырыбына «Қазақ әдебиеті» пәніне сабаққа қатысты. Бұл пәнді Қазақ тілі пәнінің оқытушысы Утебаева Раушан Манаповна өтті. Сабақтан қалған студенттер жоқ болды. Кабинет мультимедиялық техникалармен, оқу тақтасымен және плакаттармен жабдықталған. Сабақтың тақырыбы жұмыс оқу жоспарымен, күнтізбелік тақырыптық жоспармен, сабақ жоспарымен сәйкес келеді, ПБК

төрағасымен бекітілген. Студенттер белсенді қатысып, сұрақтарға жауап берді. Сабақ өз дәрежесінде өтті.

СЭК мүшелері 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығының 2-курс 861к – тобында өтіп жатқан оқу тәжірибесіне қатысып қайтты. Тәжірибенің аты «Галагендеу реакциясы», жетекшісі ретінде арнайы пән және I-санатты оқытушысы Алжанова Гулмира Килишбековна. «Аналитикалық, органикалық және физколоидты химияға» арналған 112-ші лабораториялық кабинетте студенттер мынадай тақырыпта лабораториялық жұмыстар жүргізді: «Тығыздықты анықтау», «Бромдық бутилдің синтезін анықтау», «Парафиннің ерітіндісіндегі температураны анықтау». Тәжірибе барысында барлық материалдар таратылып, студенттер тапсырма орындап, есептер шығарды.

Оқу жоспарлау құжаты толық дәрежеде көрсетілген, кабинетте техника қауіпсіздігі бойынша журнал бар, студенттер танысу парағына қол қойған.

СЭК мүшелері 1302023- «Мұнай өңдеудің және химия өндірісінің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару» мамандығының 2-курс 263к тобына «Электротехниканың теориялық негіздері» пәні бойынша қатысып қайтты. Тақырыбы: «Желілердегі қуат және синусоидалы емес токтың шамасын анықтау», сабақ түрі аралас, сабақтың қолданылған ресурстары: ЭТН кітаптар, тапсырма көрсетілген карточкалар, слайд және тесттік сұрақтар. Сабаққа 28 студент қатысты. Сабақты арнайы пән оқытушысы, 2-ші санатты Тайшева Ш. жүргізді. Кабинет мультимедиялық техникамен, оқу тақтасымен, қабырғалармен жабдықталған. Сабақтың тақырыбы жұмыс бағдарламасы мен күнтізбелік тақырыптық жоспарға сай көрсетілген. Сабақ жоспары ПБК төрағасымен бекітілген. Сабақ өте кең ауқымда өтті, студенттер өте белсенді қатысты, сабақтың мақсаты айқын анықталды.

СЭК мүшелері 1302023- «Мұнай өңдеудің және химия өндірісінің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару» мамандығының 2-курс 261 тобына «Автоматтық құрылғылардың түйіндері мен тетіктері» пәні бойынша қатысып қайтты. Тақырыбы: «Пружиналардың конструктивті ерекшелігі, айналуы және олардың есебі», сабақ түрі тәжірибелік, сабақтың қолданылған ресурстары: кітаптар, тапсырма көрсетілген карточкалар, слайд және тесттік сұрақтар. Сабаққа 21 студент қатысты. Сабақты арнайы пән оқытушысы, 2-ші санатты Шеріпбеков Б. жүргізді. Кабинет мультимедиялық техникамен, оқу тақтасымен, қабырғалармен жабдықталған. Сабақтың тақырыбы жұмыс бағдарламасы мен күнтізбелік тақырыптық жоспарға сай көрсетілген. Сабақ жоспары ПБК төрағасымен бекітілген. Сабақ өте кең ауқымда өтті, студенттер өте белсенді қатысты, сабақтың мақсаты айқын анықталды.

СЭК жұмысына ақпараттық ресурстардың қолжетімділігі үшін барлық жағдайлар жасалған.

Тексеріс бойынша жоспарланған іс-шаралар СЭК мүшелеріне мәліметтерге сүйене отырып, тәуелсіз баға беруге, арнайы аккредиттеу

стандарттарының критерияларына көрсетілген есебінде анықтауға жағдай жасалды.

АРТҰ-ның арнайы аккредиттеу стандарты СЭЖ мүшелеріне ОҚПК-нің талапқа сәйкес деталды анализі төмендегі қорытындыда көрсетілді.

(VI). Мамандандырылған аккредитация стандарттарының сәйкестілігі.

6.1. Стандарт «Білім беру бағдарламасын басқару».

Білім беру бағдарламасын басқару және жүзеге асыру мамандық 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» біліктілігі 081907 3 – «техник-технолог» және 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)», мамандандырылған 1302023- «Мұнай өңдеудің және химия өндірісінің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару», біліктілігі 130202 3- «электрмеханик» Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттарына сәйкес орындалған және колледждің стратегиялық даму жоспарымен, яғни миссиялар анықталды, мақсаты, міндеті. Оқу бағдарламалық бөлімінің мақсаты мен міндетін есепке алумен тұжырымдалу талап етілген және тұтынушылар мүмкіндігін және білім беру бағдарламасының талап етілген бағаларын ескере отырып, яғни колледждің мүмкіндігі, жұмыс берушілердің қызығушылығы анықталды, мемлекет және қоғам толығымен мамандарды талап етуде.

2008 жылы Педагогикалық Кеңестің шешімі бойынша колледж мамандықтары 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)», мамандығы 130202 3- «Мұнай өңдеудің және химия өндірісінің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару», біліктілігі 130202 3- «электрмеханик» және 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» біліктілігі 081907 3 – «техник-технолог» Химия-технологиялық бөліміне біріктірілген. Бөлімнің барлық жұмыстары колледждің даму жоспарымен және миссиямен, көрініспен сәйкестендіріліп құрастырылған және қазіргі заман талабына сай бәсекеге қабілетті және күзиретті мамандарды мұнай өңдеушілерге және химиялық кластерлер үшін дайындау жүзеге асырылуда.

ОҚПК Химия-технологиялық бөлімінің білім беру бағдарламалары және стратегиясы оның дамуы талап бойынша жүзеге асырылуда, ұсынысқа берілген миссия мен, көрініспен, мақсаттар және міндеттермен сәйкестендірілген, сонымен қатар колледждің даму жоспарымен.

Колледждің миссиясы еліміздің индустриалды-инновациялық дамуына қажетті бәсекеге қабілетті ақпараттық технология, байланыс, энергетика, мұнай және газ саласын автоматтандыру саласында мамандарды дайындау.

Бөлімнің білім беру бағдарламасының мақсаты және міндеті тұтынушылардың сұраныстары мен талаптарына сәйкес орындалады және білім бағдарламасының бағалауға арналған, білім бағдарламасын бағалау арқылы мүмкіндігінше жұмыс берушінің қызығушылығын оятып, мемлекеттің және қоғамның талаптарына сәйкес келуін анықтайды. Химия-

технологиялық бөлімнің білім бағдарламасы мұнай химиялық салада мамандар даярлау процесінде жұмыс берушілермен қамтамасыз етеді. Бағдарламаның негізгі мақсатына бітірушілердің қорытынды бағасы, үйретілетін пәндердің тізімін анықтау, тәжірибе базаларын даярлау және аймақтарда жұмыс берушімен келісімге келу жатады. Жұмыстың сапасын жоғарылату мақсатында күнделікті дөңгелек үстелдер, семинарлар, кездесулер болып отырады, тақырып аясында ескертулер мен жұмыс процесін жақсартуға арналған ұсыныстар айтылып отырады. Кездесулердің нәтижелері ПБК кеңесінде талқыланып, жұмыс берушінің ұсыныстары мен тілектерін есепке ала отырып факультативті курстар әзірленеді. Колледж басқармасы және жұмыс берушілер жалпы оқу процесін бақылайды, процесті толық және ауқымды түрде қамтамасыз етеді.

0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығына арналған білім бағдарламасын басқару ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2016 жылдың 22 қаңтарында №72 бұйрығының 855 қосымшасымен орындалып отырады. 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандығына арналған білім бағдарламасын басқару ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің 2016 жылдың 22 қаңтарында №72 бұйрығының 351 қосымшасымен орындалып отырады.

Білім беру бағдарламасының негізгі басқару принципіне мыналар жатады: оқушылар мен оқытушылар құрамын кәсіптік және рухани даму тұрғысында және білім сапасын жақсарту мақсатында барлық ресурстармен қамтамасыз ету.

0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» және 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандықтарына арналған білім беру бағдарламасының құрамы және көлемі типтік жоспар және типтік оқу бағдарламасымен сәйкес орындалады. Жұмыс оқу бағдарламасын өңдеу мақсатында жұмыс тобында кәсіби оқытушылар және әлеуметтік серіктестер белсене атсалысты.

0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» және 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандықтарына арналған білім беру бағдарламасын жүзеге асыру үшін кітапханалық және ақпараттық ресурстар, материалды техникалық базалар бойынша барлық жағдай жасалған. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсатына мамандықтарға арналған материалды техникалық базаны кең ауқымда меңгерген нарықтық бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жатады.

Білім беру бағдарламасының материалды техникалық базамен, оқу әдістемелік кешенімен қамтамасыз ету жұмыстары ҚР Білім саласындағы органдармен бекітілген нормативті талаптарға сай орындалады. Кабинеттер және лабораториялар заманауи үлгідегі интерактивті құралдармен, техникалық оқыту құралдарымен, әдістемелік нұсқаулармен, лабораториялық стенд және құрылғылармен жабдықталған. Жыл сайын арнайы пән оқытушылар тарапынан тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарды орындауға арналған төмендегі көрсетілген заттарға тапсырыс

беріліп отырады: таймер ТЭ-15, автомат 16А, микроконтролерге арналған модулдер, осциллограф HantekDso5102P, магнитті пускатель LE1 FATO, автоматика лабораториясы үшін төмен вольтті тізбектерге арналған модульді контакторлар.

Білім беру бағдарламасының кәсіби тәжірибеден өту болып табылады және ол білімдерін шыңдауға, үйренгендерін оқу процесінде пайдалануға, тәжірибелі дағдылануға және алға қарай тәжірибе игеруге негізі болып табылады. Арнайы пән оқытушыларымен жұмыс оқу жоспары әзірленіп оқу-өндірістік, технологиялық және дипломалды тәжірибелер ПБК жиынында қарастырылып, одан колледж басшылығымен бекітіледі.

Білім беру бағдарламасының дамыту жоспарына жұмыс берушілер белсене қатысады. Өндірістік тәжірибеден өту кезеңінде колледждің тарапынан бекітілген тәжірибе жетекшісімен және өндірістік жетекшілері жөндеу графигін есепке ала отырып, оқу графигін құралдар мен құрылғыларды реконструкция жұмыстарында жаңа технологиялар мен технологиялық байланыстарды енгізу және жұмыс оқу жоспарын құру кезінде бірлесе қаралады.

Өзгерістер болған жағдайда ПБК кеңесінде талқыланып қызметтік хат үлгісінде колледждің оқу бөлімінің бекітілуімен қамтамасыз етіледі. Өзгертілген пәндер тақырыбы күнтізбелік тақырыптық жоспардың КТЖ жылдық өзгертулер бөлімінде көрсетіледі. 2016 жылы «Сала технологиясының негіздері» пәні бойынша ХТП ПБК арнайы пән оқытушысы Ф.Г. Магзумова біріктірілген типтік оқу бағдарламасын, ТОО «ПКОП» технология цехының негізгі мамандарының ұсыныстары мен тілектерін есепке ала отырып әзірледі. Типтік оқу бағдарламасында МӨЗ жаңа процестердің конструкциялық ағымдық сұлбасы бойынша келтірілген. Жұмыс оқу жоспарын түзетулер мен қайта қараулар ПБК жиынында қарастырылуды қажет еткенде және администрацияға қызметтік хат жолдаумен орындалады.

Білім беру бағдарламасының негізгі нәтижелілігіне сапалы және жоғары білімді мамандар даярлау және оларды жұмысқа орналастырудың пайызды көрсеткіші жатады. 2017 жылы 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» және 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандықтары бойынша бітіруші түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету- 89,9% көрсеткішті құрайды. Өндірістік тәжірибеде білім деңгейін жақсы көрсете білген оқушылар тәжірибе орындары бойынша жұмыспен қамтамасыз етілді. Мысалы: 2015-2016 оқу жылдарында 0819000 – «Мұнай және газды қайта өңдеу технологиясы» мамандығының бітірушілері Алтакей Б, Сыдан А, «Петро Казахстан Ойл Продактс» ЖШС-не, 2016-2017 оқу жылында Каляр С, Алжанов М, 2017-2018 оқу жылында Тұрар Д жұмысқа қабылданды.

«Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандығының бітірушілері 2015-2016 оқу жылында Наметышев Г, Колосов Е, АҚ «ШымкентЦемент», Ералиева С, Смоляков С ЖШС «Автоматика Прибор

Ремсервис», 2016-2017 оқу жылында ЖШС «Петро Казахстан Ойл Продактс» Прокофьев С, Кадиров И, Макеев Ю. 2017-2018 оқу жылында ЖШС «Автоматика Прибор Ремсервис» Бушков Д, Золин Я, Ефремова Е, ЖШС «Spirit Казахстан» Сартаев Д, Ем В.

Бітірушілерді даярлаудың сапасын жақсарту мақсатында өндіріс орнының мамандарымен бірлесе отырып, жеке мамандықтардың білім беру бағдарламасына жыл сайын талдау жасалады және ПБК кеңесінде бекітіледі.


Бөлімнің құжатына ішкі және сыртқы нормативті-құқықтық актілер сапа менеджмент жүйесінде бекітілген ПБК жұмыстарының номенклатура тізімі кіреді. Барлық құжаттар қолжетімді. Білім беру бағдарламасының мазмұны тұтынушылардың сұранысына сәйкес колледждің стратегиясы мен миссиясы және көрінісіне сәйкес талқыланады. Барлық ақпарат колледждің жеке сайтында көрсетілген, қолжетімді адресі www.ukpk.kz.

Бірқатар мәселелерді шешу барысында бөлім меңгерушісінің және ПБК төрағаларының электронды поштасы жұмыс жасайды. Кез- келген азамат бөлім және ПБК оқытушылары туралы еркін ақпарат ала алады. Арыз шағымдар ауызша және жазбаша түрде қабылданады. Жауаптың мерзімі сұрақтың күрделілігіне байланысты шешіліп отырады.

Білім беру бағдарламасын басқаруға мыналар жатады колледждің барлық бөлімдерін қамтамасыз етуге арналған СМЖ және ТжКБ нормативтеріне сай орындалған мониторинг және жылдық есептер жатады. Құжаттар тізімі: семестр қорытындысы (2п форма, жинақ ведомості, міндетті бақылау жұмысының қорытындысы, оқушылардың жіберілген оқу сағаттарының жинағы, топтың элеуметтік паспорты) ПБК жұмысы туралы ақпарат кез-келген адамға колледж сайтынан, ата-аналар жиналысы, кәсіби бағдар беру жұмысы, бітірушілермен жүргізілген сауалнамаларды арқылы қарауға қолжетімді.

Білім беру бағдарламасының даму жұмыс жоспарының негізгі мақсаты жұмыс бағдарламасын жетік меңгеру, мұнай және газ өңдеу өнеркәсіптерінде білікті кәсіби мамандарды даярлау. Білім беру бағдарламасының тиімділігі және нәтижелілігін бағалау тәжірибе базаларының кеңейтілуімен, оқушылар арасындағы байланысымен жұмыс берушілердің пікірлерімен жүргізіледі.

2013 жылдан бастап 1302000 – «Автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)» мамандығы бойынша мамандардың тапшы болуына байланысты оқуға түсушілердің саны артты. ПБК оқытушыларының жұмысы кәсіби тәжірибелік базаны кеңейтуге негізделген.



1-сурет. «Технологиялық үрдістерді автоматтандыру» ПБК тәжірибе базаларының кеңейтілген диаграммасы.

Жоғары дәрежелі мамандарды даярлау сапасын басқарудың біркелкі жүйесін қалыптастыру мақсатында колледжде сапа менеджмент жүйесі енгізілді (СМЖ). Колледждің даму жоспары СТ РК ИСО 9001-2016 сапа менеджмент жүйесінің стандартының талаптарын қолдануға және сапа менеджмент жүйесінің деңгейін жоғарылатуға негізделген.

«Оңтүстік Қазақстан Политехникалық колледжі» МҚКК Білім беру бағдарламасын жүргізу барысында барлық негізгі бизнес процестің құжаттарымен қамтамасыз етілген. Үш жыл ішінде барлық бизнес процестер сақталады және құжатталады. Сонымен қатар колледжде бизнес процесті реттеп отыратын сыртқы және ішкі нормативті әкімшілік актілер базасы бар. Колледждің жұмысын ұйымдастыруға арналған мынадай процедуралар әзірленді: «Оқу процесін жоспарлау», «Оқу процесі», «Оқу процесінің сапасын бақылау», «Білімін бағалау», «Оқу әдістемелік жұмыс», «Тәрбие жұмысы және оқушыларға арналған әлеуметтік жағдайлар», «Басшылық тарапынан жасалған талдау», «Жұмысын жақсартуды жоспарлау», «Кәсіби бағдар беру жұмысы», «Контингентті реттеу», «Кәсіби және өндірістік тәжірибе», «Бітірушілерді жұмыспен қамтамасыз ету» және т.б. Барлық аталған құжаттар қолжетімді және ПБК төрағаларында сақталады.

Ұйымдастыру жөндеу құжаттары бизнес процесте жоғары жауапкершілікті талап етеді сол арқылы әр қызметкердің міндетін анықтаймыз. Мысалы, барлық жұмыскерлер құқықтары мен міндеттері айқын көрсетілген қызметтік инструкциялармен жұмыс жасайды, бөлім меңгерушілері пәндік циклдік комиссияның төрағасы, жалпы білім беру пәндерінің оқытушылары, арнайы пәндердің оқытушылары, оқу топтарының тәлімгерлері, лаборанттар. Жұмыскерлердің қызметтік инструкциялары жұмысқа қабылданған уақытта ПБК төрағасы арқылы танысу парағымен жүргізіледі. Бөлім меңгерушісі оқу әдістемелік, ғылыми әдістемелік, оқу зерттеу жұмыстарын бақылайды және ұйымдастырады, ол кафедра кеңесінде талқыланып бекітіледі және оқытушылардың оқу сағаттарының бөлінуіне жауап береді.

Білім беру бағдарламасын жақсарту мақсатында мониторинг жүргізіледі және сапасын қамтамасыз ету аясында бірқатар өзгерістер енгізіледі. Мысалы, оқушының логикалық ой өрісін дамыту мақсатында «Сала технологиясының негіздері» пәніне дейін «Саланың процестері мен аппараттары» пәнін меңгеру керек, аппараттардың конструкциясы және негізгі процестер бойынша мағлұмат алу қажет. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету жүйесін бағалау қорытынды аттестация және ОУПП сәтті тапсыруының нәтижесімен анықталады.

Байланыс деңгейін қамтамасыз ету мақсатында құрылымдық бөлімдер қажетті байланыс құралдарымен, интернетпен, ақпараттық және нормативті сыртқы құжаттармен, компьютерлік техникалармен жабдықталған. Колледжде электронды пошта жұмыс жасайды, мультимедиялық технологиялар бар, жеке «Ғаламтор» орталығы жұмыс жасайды. Оқушылар мен оқытушылар үшін интернет қолжетімді.

СЭК АРТҰ-ның келуі кезінде басқару және стратегиялық шешімдерге қатысты оқытушылардан анонимді сауалнамалар жүргізілді: өте жақсы-26,5% , жақсы-71,4%, нашар-1,8%. Мұғалімдердің оқу бағдарламалары және процедураларына қатысты көрсеткіштері өте жақсы-58,9 % , жақсы-39,3%-ды құрайды. Колледждің миссиясы мен стратегиясына қойылар баға өте жақсы-32,1%, жақсы-66,1%, нашар-1,8%.

СЭК АРТҰ-ның келуі кезінде студенттерге жүргізілген сауалнамалар арқылы байқаймыз:

- Колледж басшылығының қолжетімділігі және ықыласының деңгейі - 91%;
- Жеке мәселелер бойынша кеңес берудің қолжетімділігі-91%;
- Кітапханалық ресурстардың қолжетімділігі-96,2%;
- Емтихандар мен аттестациялардың әділдігі- 91%-ды құрайды.

92,3% оқушыларға жүргізілген сауалнаманың ішінде оқу бағдарламасының сапасының көрсеткіші және оқу әдістері - 88,5%-ды құрайды.

